

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Н.П. Танкиш, Т.Е. Тұмашбай

АҢДАТПА

Әдебиет тарихын және тіл мен сөз өнерінің даму заңдылықтарын теориялық талдау болмыстың бірқатар күрделі мәселелерін шешуді талап етті. Сондықтан, Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымын сипаттайтын мұралары тілдің философиялық мәселелері мен көркем әдеби шығармашылықтың дамуында үлкен орын алады. Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымы тәуелсіздігімен және сөз, тіл, сөйлеу ғылымының бірқатар күрделі мәселелерін шешудің өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, оның тіл философиясы бүгінгі күнге дейін өз мағынасын жоғалтпағанына күмән жоқ, өйткені, біздің заманымыз тіл білімінің философиялық негіздері күрделі және аз дамыған болып қала береді. Бұл жағдай бізге қазақтың көрнекті ақыны, ғалымы мен философының дүниетанымының алғышарттарын жан-жақты және тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымы бойынша табиғаттың пәндік әлемі мен адам әлемі арасындағы байланысты анықтаудың қажеттігі баяндалады. Сонымен қатар, қазақ тілінің әліпбиін жетілдірудің алғышарттары, бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлы идеясының қазақ сөзін қолжетімді, үнемді және эстетикалық тұрғыдан жоғары дәрежеге көтеруге ықпалы келтірілген. Зерттеу барысында тақырыпқа сәйкес негізгі кілттік сөздер бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге мета-талдау жүргізілді. Нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымын, саяси көзқарасын мазмұндық жағынан тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» білім бағытының студенттерімен сауалнама, сұхбаттасу әдістері ұйымдастырылды. Сандық және сапалық зерттеулерге қатысқан білім алушылар Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымы мен саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен факторлар туралы білімдерін қалыптастырды.

Түйін сөздер: А.Байтұрсынұлы, дүниетаным, саяси көзқарас, алғышарт, қалыптасу, қазақ тілі.

М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университеті,
Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Тұмашбай Т.Е.
tumashbai@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Танкиш Н.П., Тұмашбай Т.Е.
Ахмет Байтұрсынұлы
дүниетанымының
алғышарттары // Адам
әлемі. – 2025. – №1 (103).
– Б. 38-48.

Предпосылки мировоззрения Ахмета Байтурсынова

Аннотация. Теоретический анализ истории литературы и закономерностей развития искусства языка и слова требовал решения ряда сложных проблем бытия. Поэтому наследие Ахмета Байтурсынова, характеризующее его мировоззрение, занимает большое место в развитии философских проблем языка и художественного творчества. Мировоззрение Ахмета Байтурсынова отличается самостоятельностью и своеобразным характером решения ряда сложных проблем науки о слове, языке, речи. Кроме того, нет никаких сомнений в том, что его философия языка не утратила своего значения и по сей день, поскольку философские основы

языкознания нашего времени остаются сложными и менее развитыми. Это обстоятельство позволяет всесторонне и глубже изучить предпосылки мировоззрения выдающегося казахского поэта, ученого и философа. В статье излагается необходимость определения взаимосвязи между предметным миром природы и миром человека по мировоззрению Ахмета Байтұрсынулы. Вместе с тем, заложены предпосылки совершенствования алфавита казахского языка, в этом контексте влияние идеи Ахмета Байтұрсынулы на повышение уровня казахского языка в доступной, экономической и эстетически высокой степени. В ходе исследования был проведен метаанализ научно-методической литературы по основным ключевым словам в соответствии с темой. В результате Ахмет Байтұрсынулы позволил глубже раскрыть свое мировоззрение, политические взгляды в содержательном плане. Также были организованы анкетирование, беседа со студентами образовательного направления «Подготовка учителей по языкам и литературе». Обучающиеся, участвовавшие в количественных и качественных исследованиях, сформировали знания о факторах, повлиявших на формирование мировоззрения и политического мировоззрения Ахмета Байтұрсынулы.

Ключевые слова: А. Байтұрсынулы, мировоззрение, политические взгляды, предпосылки, становление, казахский язык.

Prerequisites of Akhmet Baitursynuly's Worldview

Abstract. Theoretical analysis of the history of literature and the laws of the development of the art of language and words required solving a number of complex problems of existence. Therefore, the legacy of Akhmet Baitursynuly, which characterizes his worldview, occupies a large place in the development of philosophical problems of language and artistic creativity. Akhmet Baitursynuly's worldview is distinguished by its independence and the peculiar nature of solving a number of complex problems of the science of the word, language, and speech. In addition, there is no doubt that his philosophy of language has not lost its significance to this day, since the philosophical foundations of linguistics of our time remain complex and less developed. This circumstance allows us to comprehensively and deeply study the prerequisites of the worldview of the outstanding Kazakh poet, scientist and philosopher. The article outlines the need to determine the relationship between the objective world of nature and the human world according to the worldview of Akhmet Baitursynuly. At the same time, the prerequisites for improving the alphabet of the Kazakh language are laid, in this context, the influence of the idea of Akhmet Baitursynuly on raising the level of the Kazakh language in an accessible, economical and aesthetically high degree. In the course of the study, a meta-analysis of scientific and methodological literature on the main keywords was carried out in accordance with the topic. As a result, Akhmet Baitursynuly allowed to reveal his worldview and political views more deeply in terms of content. A questionnaire survey and a conversation with students of the educational direction "Teacher training in languages and literature" were also organized. The students who participated in quantitative and qualitative research formed knowledge about the factors that influenced the formation of the worldview and political outlook of Akhmet Baitursynuly.

Key words: A. Baitursynuly, Worldview, Political Views, Prerequisites, Formation, Kazakh Language.

Кіріспе

Қазақ философиясын тарихи даму процесінде жаңғырту күрделімін-деттердің бірі. «Қазақстандағы философия тарихи шындықтың нысаны ретінде дамығанын және оның практикалық қызметінің мазмұнын анықтауда, қазақ халқының қоғамдық санасын қалыптастыруда маңызды орын алатындығы айқын көрініс табады» [1].

Қазіргі таңда дамып жатқан басқа ғылымдармен қатар, философия өзінің

сыни және шығармашылық қызметін жандандырып, қазіргі білім құрылымында өзінің лайықты орнын алуы керек. Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымының алғышарттарын зерттеу бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Халықтық білім берудің озық моделін қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қазақтың көрнекті зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымын зерттеу мәселесі өзекті болып отыр. Дүниетанымы ерте кезден-ақ, кең аймаққа танымал болған ғалым, ағартушы,

түркітанушы, көрнекті мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қызметін егжей-тегжейлі зерттеу, бо-лашақ ұрпақтың тағдырына қосқан үлесінің ауқымы мен тарихи маңыз-дылығын бағалауға мүмкіндік береді [2].

Ашық жарияланған ғылыми әдебиеттердегі, архив қорларындағы құжаттардағы деректерде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының еркіндігі, тәуелсіз ұлт болып қалыптасуы жолындағы қызметтері айқын көрініс табады. Қазақ тілі мен әдебиетін өнердің, ғылымның биігіне көтерген Ахмет Байтұрсынұлы, қазақ ұлтының руханиятын өркендетуге қосқан үлестері баяндалады [3]. Ахмет Байтұрсынұлының философиялық ілімі өзі құрбаны болған марксистік идеологияның үстемдігі уақытына сәйкес келеді. Алайда ағартушының ойлауына еркіндік, қазақ тіл ғылымының бірқатар күрделі мәселелерін шешудің өзіндік сипаты тән. Ағартушы ғалымның тіл философиясы бүгінгі күнге дейін өз мағынасын жоғалтпағанына күмән жоқ. Сондықтанда біз ғылыми-әдістемелік еңбектерде орын алған деректерге мета-анализ жасай отырып, Ахмет Байтұрсынұлын ойлаудың алғышарттарын зерделейтін боламыз. Бұл жағдай, қазақ тілдік ойлау жүйесінде жас ұрпақты тәрбиеуледегі беделін арттыра түседі.

Әдіснама

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының философиялық мәні ХХ бастапқы кезеңіндегі қоғамдық саяси өмірдің контекстінде зерттеледі. Бұл қазіргі қазақ қоғамының және тәуелсіздік рухының қалыптасуындағы болмыстық оқиғалардың мазмұнын, феномендердің санадағы ролін анықтаушы қызмет-терді атқарды. Өз кезегінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы мен қоғамдық қызметінің әдіснамасы қазақ-стандық философия ғылымында бірне-ше бағытта зерттеледі. Бұл әдіснамалық зерттеу бағыттарын Ораз Сегізбаев тіл дамуының логикасы мен қоғамдық қызметінің философиялық негіздерін ғылыми талдау тәсілі ретінде, оның ішінде неопозитивистік мектептің зерттеу қағидаларымен үндестігін [4,

294], Серік Нұрмұратов ағартушылық қызметтің қоғамдық ояну философиясы ретінде [5], Құралай Ашекеева тарихи әлеуметтік шындықты ойлау және ел қамы экзистенциясы ретінде [6] зерделейді. Бертран Расселдің уақытқа үңілу арқылы феномендерді бағалау тәсілі арқылы сараптау әдіснамасы орныққан [7]. Бұл ғылыми тәсілдердің өзегін қоғамдық болмыстың формалануындағы феноменологиялық, салыстырмалы және экзистенциалық әдістер құрайды. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы мен оның философиялық ойлауына тұлға философиясы, тарих философиясы және философиялық экзистенция арқылы зерттелуі қажет. Ағартушы тарихи тұлға формасында қоғамдық сана кеңістігін және уақыттық мәнін анықтайды. Мақаланың ғылыми гипотезасын қазіргі заманғы жастардың көзқарастарындағы Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы туралы ойларды анықтау құрайды.

Талқылау және нәтижелер

Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымының алғышарттарымен байланысты мәселелерді айқындау үшін әдебиеттерге талдау жасалынды. Ғылыми дереккөздер ретінде Scopus (<https://www.scopus.com>) және Web of science (<https://www.webofscience.com>) базаларындағы, ҒЖБССҚК ұсынған отандық немесе шетелдік ғылыми журналдарда сенімді рецензияланған мақалалар таңдалды және зерттеудің ерекше қамтылуына байланысты кезең-дер іске асырылды. Материалдарды іздеу үшін «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ зиялылары, дүниетанымы, саяси көзқарасы, алғышарттар» және тағы басқа кілттік сөздер алынды. Зерттеу барысында осы кілт сөздерді қолданып журналдардан мақалалар жинақталды және олар бойынша аңдатпалар мұқият зерделенді. Іріктеліп алынған мақалалар негізгі бөлімінде берілген сипаттамалық тұжырымдамаларды әзірлеуде пайдаланылды. Ғылыми әдебиеттерді талдау 4 кезеңде ұйымдастырылды:

1 кезең-синтезді анықтау үшін шешім және бастау;

2 кезең-зерттеу мақсатына сәйкес

келетін зерттеулерге қол жеткізу;
3 кезең-зерттеуді оқу және бағалау;
4 кезең-әртүрлі зерттеулер арасындағы байланысты анықтау.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша негізші шешімдерді анықтауда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

университеті «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» білім бағыты бойынша 100-ге жуық студент сауалнама мен сұрақтасуға қатысты. Сауалнама сұрақтарының мазмұны 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Сауалнама сұрақтарының мазмұны

р/с	Сауалнама сұрақтарының тізімі	Бағалау			
		1	2	3	4
1	Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымында қандай жаңалықтарын атап көрсете аласыз?	1	2	3	4
2	Ахмет Байтұрсынұлының «Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік» деген өлең тармағында ненің аңғарылатынын анықтаңыз!	1	2	3	4
3	Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ өкпесі» мақаласында қандай мәселелердің жауабы айтылған?	1	2	3	4
4	Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы қандай кітап екенін түсіндіріңіз!	1	2	3	4
5	Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымына сәйкес қабілет-қасиеті қандай болған?	1	2	3	4
6	Ахмет Байтұрсынұлының «Жиған-терген» өлеңінің жазу алғышартын айқындаңыз!	1	2	3	4
7	Ахмет Байтұрсынұлының ынтымаққа, бірлікке шақыратын мысал өлеңдерін атаңыз!	1	2	3	4
8	Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ қалпы» өлеңінде елдің күңгірт болашағын немен салыстырғандығын түсіндіріңіз.	1	2	3	4

Студенттердің сұрақтарға берген жауабы бойынша 1-ден 4-ке дейінгі шкалада баға қойылады. 1 - «мүлдем жауап жоқ»; 2 – «кейбір жағдайларды біледі»; 3 – «білімі жақсы деңгейде»; 4 - «өте жоғары деңгейде толық жауап береді».

Қазіргі қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің ізденіс нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық идеология негізінде қалыптасқан өзіндік дүниетанымы бар деген тұжырымдар жасалады. Ораз Сегізбаевтың зерттеулік еңбегінде «сөз өнері адам санасының үш

негіздемесіне – ақылға, қиялға, және көңіл күйге сүйенеді» [4, 294].

Іздеу және іріктеу кезеңдерінде Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымы бойынша жалпы ғылыми көзқарастарды түсіндіретін мақалалар жинақталды. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, жүйелі талдау үшін таңдалған мақалалар 100% халықаралық және отандық рецензияланатын сенімді журналдардан алынған деген қорытынды жасауға болады (2-кесте).

2-кесте. Негізгі әдебиеттер бойынша талдау нәтижелері

Мақаланың атауы (мақаланың жазылған тілінде)	Авторлар	Баспа атауы мен жарияланым мерзімі	Дереккөз
1	2	3	4
The Newspaper Kazak and its Opponents in the Kazakh Society during the First World War	Absadyk A. Boranbaeva B. Mukhitov K. Legkiy D.M.	Bylye Gody, 2022	Scopus, WoS

The Path of the Teacher A. Baitursynov: from Bestamak to Karkaralinsk (1895-1910)	Absadyk A. Issenov O. Mukhitov K. Boranbaeva B.	Bylye Gody, 2022	Scopus, WoS
Educational Value of Akhmet Baitursynov's Fables	Alipkhan G.	Bulletin Yasavi, 2022	Journal
Graphitic designation of phonological features as a guide for the rationalisation of alphabetic	Andronov A.	Studi Slavistici, 2017	Scopus
Russian colonization and the genesis of Kazak national consciousness	Sabol S.	Russian Colonization and the Genesis of Kazak National Consciousness, 2003	Scopus
Erasmus plus in A.Baitursynov Kostanay State university: experiences and perspectives	Zhabayeva S. Kandalina Y	13 th International Technology, Education and Development Conference (INTED), 2019	WoS
Kültür tarih ve kimlik açısından dilin önemi	Kapagan E.	Tarih kultur ve sanat arastirmalari dergisi, 2021	WoS
Methods of teaching the letter of A. Baitursynov	Kapalbek B. Toleuzhanova Zh.	Bulletin of Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, 2021	Journal

Ғылыми әдебиеттерді талдай келе, Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген уақыты және қызмет еткен дәуірдің күрделілігі мен қайшылықтары ескерілмей, оның әлеуметтік-философиялық көзқарастарының табиғатын түсінуге, оған лайықты баға беруге болмайтындығына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ағартушысы XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласы басынан өткерген кем дегенде 3 тарихи кезеңнің тенденциясы мен рухани жаңғырығын өзінің қоғамдық көзқарасында бейнелейді [8].

1) *тарихи кезең*, капиталистік қоғамдық қатынастардың біршама әлсіз түрде болса да, ену процесін көрсетеді. Бұл жерде ағартушылық позиция, Ахмет Байтұрсынұлының ғана емес, сол кездегі қазақ зиялыларының бүкіл тобы үшін қазақ даласындағы әлеуметтік өмірдегі өзгерістердің нәтижесінде пайда болған сияқты, ол соңғы кездегі келбеті мен дамуында көрініс табады. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық сеніміне Қазан төңкерісімен және одан кейінгі социалистік қайта құру-лармен байланысты шыншыл бола бастады. Бұған қазақ көсемінің қазақ тілін реформалауға көп көңіл бөліп, морфология мен дыбыс тіркестері саласына қатысты бірқатар соны реформаторлық шараларды ұсынуы әбден

нанымды дәлел болып саналады.

2) *тарихи кезеңде* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басымен тікелей байланысты, ол кезде бірінші орыс революциясы, сонымен қатар, әлеуметтік өзгерістерге деген үміт алғашында 1916 жылғы оқиғаларда Қазақстанда, ең алдымен ұлттық қазақ зиялылары өкілдерінің арасында бел-гілі бір кешігумен айқын бұқаралық деңгейде көрінді.

3) *тарихи кезең* Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік дүниетанымына тікелей әсер еткен драмалық кезең Қазан төңкерісімен және одан кейінгі оқиғалармен байланысты болды. Қазақ ағартушысы қазақ елінің оянуы және оның қоғамдық эффектісін жаңғырту үшін коммунистік режиммен мәмілеге келуге мәжбүр болды.

Ағартушы шығармашылығын қазіргі уақыттағы зерттеулер ұрпақ сабақтастығы, көркем әдеби шығарма-лардың семантикалық құралдарын анықтайды. Бұл құралдар өз кезегінде ағартушы шығармашылығының ар-хетиптерін, оның қоғамдық және моралдық этикасын және тіл фило-софиясының ойлаулық жүйесінің қай-нарларын анықтайды. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының ойлау жүйесінің қайнарларын қазақ фольклоры құрайды. Қазақ фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі

басымдықтықтары мен кемшіліктерін зерттеу арқылы дәуір рухын сезуші идеяларды ұсынады және оның экзистенциялық компоненттерін айқындайды.

Ахмет Байтұрсынұов дүниетанымында сөз өнеріне ерекше мән береді. Оның алғышарттары кем дегенде екі себеппен түсіндіріледі:

- *біріншіден*, сөз өнері қазақ халық мәдениетін және оның ойлау құрылысын конструкциялау арқылы;

- *екіншіден*, сөз өнері арқылы тілдің қоғамдық функциясы анықталады. Тіл білім көзі және ол сөз өнері арқылы субъектінің өзі туралы мәліметтер, ойлар туралы баяндау қызметін атқарады. Бұл тәсіл философиядағы структуралистік мектеп өкілі Мишель Фуко шығармашылығына тән элементтер. Эпистеманың жаңаруы қоғамдық ойлаудың және ұрпақ серпілісінің нәтижесі. Бұл үдеріс ішінара диалектикалық қарама қарсылыққа ие, себебі ұғымның өзегін терістеу, қайшылығын табу арқылы сананың тұйықталуын бұзып, келесі кезеңге ауысу орын алады. Бұл көзқарас ағартушының өлеңдерінен скептицизм, ішінара пессимистік ойлау формалары ретінде орын алады. Мысалы, оян ұғымы қазақ халқының ғасырлар бойы номадтық мәдениетте өмір сүруі арқылы әлемдік өркениеттен кеш қалғанын, мәдениеттегі бос кеңістіктерді иеленіп, кеңістіктік ойлауын білдіреді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұов құлдық сананың қазақ халқының психологиялық көңіл күйіне орныққанын анықтайды. Бұл ойлау ағартушының «Жауға түскен жан сөзі» өлеңінде өрілген. Атап айтқанда:

«Шын жеңіліп, талып тұр.

Бақ дегенде байлау жоқ,

Уағдадан танып тұр.

Тағдыр шіркін тап беріп,

Тамағымнан алып тұр» [9, 360].

Бұл сөздерден біз экзистенциалистік толғанысты анықтаймыз. Бұл толғаныс сол дәуірдегі қазақ халқының бүгін экзистенциясына қаншалықты дайындығын анықтайды және бұл ой қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін де өте өзекті. Адамдар өмір сүруде, бірақ қоғамдық шындықты мойындауға, оның қайшылықтарын сана арқылы еңсеруге

қаншалықты дайын деген сұрақтар туындайды. Яки, Мартин Хайдеггер лексикасындағы дазайн қазіргі, осы болмыс экзистенциясы биліктің, қоғамның, тұлғалардың бүгін өзектілігіндегі іс-әрекеттілігін дұрыс анықтай алады. Мартин Хайдеггерде ұрпақтық мән қатысудың тарихи жолының экзистенциясы және тағдырдың дүниедегі болмыс ретінде, өзгелердің болмыстық оқиғасымен бар болушы мән ұғымындағы экзистенциясы формасында анықталады. Қатысу өзінің еркіндігін уақытшалықта, өлімнің билігімен шек-тейді, бірақ болмысы жалғасын таба береді. Ұрпақтың тарихилық субъектісі ретінде белгілі бір уақытшалықта кеңістікті иеленуімен үзіледі. Тарихи жол бұл жеке тағдырлардың экзистенциясы емес, ол белгілі бір дүниеде өзара болмыстың құндылығы ретінде орнығады. Сондықтан Мартин Хайдеггер, ұрпақтық қатынасты «Тағдырдың тарихи жолы өзінің ұрпағында, қатысудың онымен толық, өзіндік болмыстық оқиғасымен түзілуі», - ретінде белгілейді [10, 384-385]. Әлеуметтік философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда қоғам, әлеуметтік уақыт біртұтастанған ойлау, іс-әрекеттілік, билік формасында тұлғалыққа, оның экзистенциялық қамқорлығына үрей тудырады. Әрине адам ажалды, сондықтан болмыстың уақытшалығы оның қамқорлығының құралына айналады. Бар болушының болмысы ажал, кінә, ар, еркіндік және өмірдің соңы секілді экзистенциялық күйлер арқылы мәнге айналады. Бұл субъектілер қоғамдық өмір ақиқатын бүгін ракурсында қабылдауға мәжбүр. Себебі ағартушының да, қазақ халқының дәстүрлі көзқарасында бақ акциденциясына тұрлаулық тән емес, ақиқатты жалған санаға шығару, қоғамдық сананың верификациялау мүмкіндіктеріне кедергі болу мем-лекеттіліктің өзіне қауіп төндіреді. Алайда бүгіннің екінші қыры, ол ретритистік көңіл күй, яғни тек бүгіннің қажеттіліктерімен өмір сүру, ертеңгі уақытты ойлау. Ахмет Байтұрсынұов ойлаудың және іс-әрекеттіліктің өз өзіне тұйықталудан шығу жолын білім, азаттық және өнеркәсіптік даму құндылықтарын дамыту арқылы анықтайды. Тағдыр адамның өмірлік жолына алдын ала

айқындалғанымен, тағдырдың ақиқатын мойындамау терістікке негіз болады. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы:

*«Жанға көңіл қалып тұр,
Жан бұл күйге салып тұр,
Тәнге көңіл қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр,
Жұртқа көңіл қалып тұр,
Жұрт жалғанға нанып тұр»* [9, 360].

Жалған сананың архетиптері қоғамдық этикада сыбайлас жемқорлыққа бейімділік, бір күндік мүдде, карнавалдық сана, көз бояушылық, мансап құмарлық секілді девиациялық шарттарға бейімделу формаларында орнығып, тұтас ұлтты, қоғамды мұңға батырып тұр. Бұл бейімделудің ең қауіптісі ұрпақ қатынасында Эдип жасөспірімі феноменінің оянуы болады. Себебі оян эффектісі жас ұрпақ санасының индикаторы, жастар даналық, рух және дене культі, мәдениеттегі стагнацияның индикаторы. Қарттық немесе аға ұрпақ кемеңгерлік рухына ие, бірақ билікке құштарлық драмасы, олардың қатынасындағы қайшылықты мүдделерді анықтайды. Жұрттың жалғанға нануы ақпараттық технология жетістіктерін имидждік құрал ретінде қолданумен, халықтың терең, данышпандық ойлауға дайын еместігін білдіреді. Сонда бүгін экзистенциясында жауапкершілікті қоғамдық субъектілердің қайсыбір тасымалдаушысы өзінің міндетіне алады.

Ахмет Байтұрсынұлының өзі мектепте он төрт жыл сабақ берген, осы тәжірибе негізінде әліпби оқулығын жазады. Ол адамдарға білім беріп қана қоймай, сонымен бірге нені зерттеу керек екендігі туралы білім қалыптастырған ұлы реформатор. Қазіргі қазақстандық қоғамда латын графикасына негізделген бірнеше алфавиттік нұсқа жарияланды. Бұл күндері Ахмет Байтұрсынұлының «әліпбиі» Шығыс Түркістан қазақтарының қолданысында бар [11].

Біз, қазір адамдар ақпаратты тарату, оның нәтижелерін тұтыну үшін көптеген құралдарды қолданамыз. Оларға белгілер, кодтар, көшірмелер, жол белгілері, сигналдар кіруі мүмкін, бірақ олардың барлығы сөз арқылы декодталған. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттің өнердің басқа түрлерімен арақатынасын талдау-

да дәл осындай идеяны ұстанды. Кейде символдық сипатта болатын және әдетте рәміздер түрінде авторлардың ойларын білдіретін сәулет, мүсін, кескіндеме, музыкада бұл өнер түрлерінде қарапайым адамдар үшін аз нәрсе түсінікті болып қалады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы ауызша шығармашылық өнерінің заңдылықтарын зерделеуге және игеруге және осы танылған заңдылықтарды күнделікті өмірге енгізуге айналдыруға ерекше мән береді. Жалпы ағартушы өз заманының толғаныстарын екі дәуірге жіктейді. Бұл дәуірлік классификацияның индекстері ретінде халықтың қоғамдық субъект ретінде бұртұтас мәдениетке бірігу құндылықтарын атайды. Атап айтқанда, 1) Діндәр дәуір – бұл адамдардың күнделікті өмірі мен қоғамдық мінез-құлығында кертартпа діни түсініктердің үстемдік құруын сипаттайды; 2) Сындар дәуір – мәдениеттердің жетістіктерін салыстыру арқылы дамушы, прогрессивті қоғамдарды сипаттайды. Ахмет Байтұрсынұлы діндәр дәуірдің сипаттарына қисса, хикая, мысал, насихат, мінежат, айтыс, толғау, терме [12, 353] секілді әдеби жанрлар арқылы діни сана құндылықтарының орын алуын, оның қоғамдық саналарды басқаруға ұмтылысын анықтайды. Ал сындар дәуірдің сипаты қазақ әдебиетінің жаңа дәуірін толғаушы [12, 369] құбылыс ретінде қарастырады. Ағартушының ойлауынша нәрсе қандайлық жақсы болмасын мінез көркем болмайды. Мінездің көркемдігі жасампаздық әрекет арқылы орнығады.

Райхан Имаханбеттің зерттеуінше, «Ахмет Байтұрсынұлы жадидтік қозғалыстың қазақ ішіне қазақы болмыспен таралуына ықпал етті [13, 104]. Себебі ХХ ғасырдың бастапқы кезеңінде әлемдік трендтердің өзгерісі діни сананың регрессивтілігіне қарсы бағытталды. Сондықтан бұл дәуірдің ойшылдары адамдардың діни санасын өзгертуде эволюциялық тәсіл жадидтік көзқарасты қолданып, ер мен әйелдің теңдік қатынасында білім алуына жағдай жасады. Ұрпақ тәрбиесі мен өнеркәсіптік ойлауды дамытудың қажеттіліктері түркілік код пен исламдық кодтың әлемдік прогрессивті өркеніетке үйлесімді дамуын қаматамасыз еткен. Бұл тәсіл жадидшілдіктің қадымшылдық

дәстүрлі ойлауға қарсы күресінде кеңінен қолданылған. Алайда қадымшылдық ойлау формасы қоғамдық дамуда қайта бас көтеріп, қазіргі қазақстандық қоғамда ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіріп отыр.

Бұл сөз өнері туралы ғылымның негізгі мақсаты ол тіл мен сөйлеудің қалыптасу заңдылықтарын зерттеуді қарастырады. Яғни, бұл сөз адамның ойлағанының қарапайым дыбыстық көрінісі немесе графикалық бейнесі ретінде емес, саналы түрде ұйымдастырылған семантикалық принцип пен мазмұнды, сонымен қатар, осы мағынаға толық сәйкес келетін эстетикалық дизайнды алып жүретін фактор ретінде түсіндіріледі. 1-сурет. Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымының алғышарттары.

Осы ойларға сүйене отырып, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиін жетілдіруге әрекет жасады. Бұл тұрғыда оның идеясы өте қарапайым болды. Қазақ сөзін қолжетімді, үнемді және негізінен эстетикалық ету үшін ол одан артық дыбыстар мен графикалық бейнелерді алып тастауды ұсынды. Ол қазақ тілі қазақтардың тіл мәдениетін одан әрі дамыту жолдарын неғұрлым ұтымды түрде ашу және сауаттылық пен ағартушылықтың қазақ халқына, ортасына ену жолдарын барынша жеңілдету үшін жеткілікті болатын 37 дыбыспен және олардың

белгілерімен әбден мүмкін деген идеяны терең негіздеді. Бұл керемет идея болды – фонетиканы, морфологияны және оның сөзсіз салдары ретінде тілдің барлық басқа құрылымдарын, ондағы адамның айналасындағы шындықтың барлық күрделі алуан түрлілігін жеткілікті түрде көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Әбіш Кекілбаев: «Иә, Ахмет Байтұрсынұлы — ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес» [14]. Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымы мен ойлау жүйесіндегі негізгі гипотеза жас ұрпаққа дұрыс тәрбие мен білім беру. Осы мақсатта педагогикалық эксперименттің алғашқы кезеңі ретінде жоғарыда аталған мәселелер бойынша негізгі шешімдерді анықтауда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» білім бағыты бойынша 100-ге жуық студент сауалнама мен сұхбаттасуға қатысты. Сауалнама нәтижелері 3-кестеде келтірілген.


3-кесте. Сауалнама нәтижелері

р/с	Сұрақтар бойынша алынған жауаптар	Орташа мәні	Стандартты ауытқу
1	араб графикасына негізделген қазақ әліппесі; қазақ тілінің әліпбиін жетілдіру; тіл мен сөйлеудің қалыптасу заңдылықтары және т.б.	3,5	0,5
2	отарлау тарихы; ашаршылық; саяси құғын-сүргін және т.б.	3,4	0,6
3	тарихи мәселелер; отарлау тарихы; ашаршылық; саяси құғын-сүргін және т.б.	3,1	0,9
4	Қоғамдық ойлар айтылған өлең кітабы, азаматтық идеялар айтылған өлең кітабы және т.б.	3,5	0,5
5	Жақсы әнші, ұлы ғалым, ұлт зиялысы, тамаша домбырашы және т.б.	3,9	0,1
6	Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісі.	3,6	0,4
7	«Аққу, шортан һәм шаян», «Туысыма» және т.б.	3,2	0,8
8	Ескексіз қалқып жүрген қайықпен.	3,4	0,6

Сауалнама мазмұны Ахмет мамандардың ойында қалай қалыптасып Байтұрсынұлының дүниетанымы бола-шақ жатқандығын анықтау мақсатына

бағытталды. 1-сұраққа сәйкес сауалнамаға қатысушылардың 70%-ы «араб графикасына негізделген қазақ әліппесі; қазақ тілінің әліпбиін жетілдіру; тіл мен сөйлеудің қалыптасу заңдылықтары» деп дұрыс жауап беріп, сұхбаттасу кезеңінде өз ойларын дәлелдеп көрсетсе, қалған 30% студент білімдерін жеткілікті деңгейде көрсете алмай, жауаптарын дәлелсіз қалдырды.

Сауалнамаға қатысушы студенттердің 50%-ы Ахмет Байтұрсынұлы дүниетанымының алғышарттарын өздігінен тұжырымдай алатындықтарын білдірді. Студенттердің 85%-ы Ахмет Байтұрсынұлын «жақсы әнші, ұлы ғалым, ұлт зиялысы, тамаша домбырашы» деп атап, оның өлеңдері туралы білімдерін студенттердің тек 55%-ы жақсы деңгейде көрсетті.



Сауалнама және сұхбаттасу нәтижелері көрсеткендей, бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғандығынан дәріптеп, ұлы реформатор Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын әліппенің өз тарихы бар екендігін, ұлт ұстаздың дүниетанымының кеңдігі туралы оқытуды алға қою керекпіз.

Қорытынды

Қазіргі заман ракурсында әрбір ұрпақтың тарихтың сахнасына шығуы, олардың пассионарлық қасиетіне мұқтаждықтың салдарынан болады. Өйткені ұрпақ қатынасында жаңа ұрпақтар өзіндік ерекшелікті болмысты жасауға ұмтылу арқылы сол дәуірдің құндылықтарын синтездейді. Бұл синтез күнделікті өмірдің толғаныстарын ығыстырып шығару арқылы қоғамдық санаға трансформацияланады. Тек осы трансформацияның оян эффектісі ретінде бірден ақыл, рух формасына ауыса алмауынан қоғамдарда деградациялар, мәдениетте стагнациялар туындайды. Платон лексикасы бойынша әлсіз уақыт күшті тұлғаларды дүниеге екеледі.

Ахмет Байтұрсынұлы және оның замандастары қазақ ұлтының бүгін

феноменінде тірі қозғалысқа түсуіне деген сағыныштан, мұңнан және іс-әрекеттіліктің идеалдығынан туындаған тарихи тұлғалар. Бұл тарихи тұлғалардың қоғамдық қызметінің нәтижесін қазақ ұлты, қазақстандық қоғам бүгін қол-данып отыр. Бүгін экзистенциясына қазақ ұлтының дайын болмауы, оның өркениеттік дамудан кеш қалуына түрткі болды және ағартушылардың бүткіл қызметінің инерциясын белгілі бір уақыттық кезеңге тоқтатып қойды. Оның салдарынан ұрпақ санасындағы ақтаңдақтар орын алып, халықтың интеллектуалдық мүмкіндігіне зардаптарын тигізді. Дегенмен болмыстық оқиғалардың қатар орын алуы адамның ойлауындағы салыстырмалы бағалауды енгізіп, ол біртіндеп сананың ақиқаттығын, өмірдің шынайылығын тануға негіз болады. Бүгіннің экзистенциясы қазіргі заман уақытының талаптарына дайын болу және қоғамдық болмыстың түзу траекториямен жалған сананы еңсеру арқылы орын алуы қажет.

Ойлау мен іс-әрекеттіліктегі сәйкессіздік мемлекеттілікке, еркіндік құндылығына, халықтың қауіпсіздігіне және моралдық, этикалық жауапкершілігіне кері ықпал жасайды. Өйткені қоғамдық дамудың басты заңдылығы кез келген

үдеріс өзінің бүтіндігіне, идеясына және шынайылыққа сәйкес болуы қажет. Бұл үдерістің механизмдеріндегі қайшылық қоғамдық дамуға кері, терістік сипат алуы арқылы бастапқылықтың өзіне қатер төндіреді. Саяси лексикада бұл заңдылық кез келген саясаттан ұтымды, қажетті саясаттың туынды ретінде орын алатынын білдіреді. Тек ол саясат өзіндік ерекшелікте субъектілердің қажеттіліктеріне негізделуі қажет және кездейсоқ, құбылмалы оқиғаларды уақытылы еңсеру қажет. Мақала гипотезасында түйінделген идея зерттеу кезеңінде өзінің дәлелін және аргументтерін тапты. Себебі жастардың санасына азаттық ойлауы еркіндік рухы ретінде сіңген және өзіндік ерекшелікті субмәдениеттерге ие.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абсадық А.А. Находка из Оренбурга. Светлый путь Алаша в XXI веке. – Алматы: Издательство АРНА-Б, 2019. – 304 с.
- 2 Absadyk A. The Path of the Teacher A. Baitursynov: from Bestamak to Karkaralinsk (1895-1910). // S. Bylye Gody. – 2022. – № 17(2). – P. 890–901.
- 3 Исмакова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
- 4 Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі түсініктерден XIX – XX ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 330 б.
- 5 Қазақ философиясының тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін): 5 т. – Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – Том 4. – 391 б.
- 6 Ашекеева Қ. Ахмет Байтұрсыновтың философиялық көзқарастары. – Алматы: Қаз Мем Қыз Пи, 2007. – 160 б.
- 7 Рассел Б. Человеческое познание: его сферы и границы. – Киев: Ника центр, 2001. – 555 с.
- 8 Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 420 б.
- 9 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2004. – Том 2. – 528 б.
- 10 Хайдеггер М. Бытие и время. – М.: Ad Marginem, 1997. – 451 с.
- 11 XX ғасырдың басындағы қазақ философиясы. – Астана: Аударма, 2008. – 464 б.

12 Имаханбет Р. Ғасыр саңлағы. – Алматы: А.Байтұрсынұлы тіл – құрал ОҒҒЗО. – 400 б.

13 Kapalbek, B.S., Kenzhekozhaev, A.M. Akhmet Baitursynov's principles of primary school education // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. – 2021. – № 104(4). – P. 30–36.

14 Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты. – Алматы: Ғылым, 1999. – 133 б.

Transliteration

1 Absadyk A. Nahodka iz Orenburga. Svetlyj puttvz Alasha v XXI veke. [Find from Orenburg. The bright path of Alash in the 21st century]. – Алматы: ARNA-B baspasy, 2019. – 304 s. (in Russ)

2 Absadyk A. The Path of the Teacher A. Baitursynov: from Bestamak to Karkaralinsk (1895-1910) // S. Bylye Gody. – 2022. – № 17(2). – P.890–901.

3 Ismakova A. Alash adebiettanuy [Literature Alash]. – Алматы: Mektep, 2009. – 560 b. (in Kaz)

4 Segizbaev O. Kazah filosofiyasynyn tarihy (Ezhelgi tusinikterden XIX – XX birinshi zhartysynyn ilimderine dejin) [History of Kazakh philosophy (from ancient concepts to doctrines of XIX - XX centuries)]: oku kuraly. – Алматы: KazUU, 2017. – 330 b. (in Kaz)

5 Ashekeeva K. Ahmet Bajtursynovtyn filosofiyalyk kozkarastary. [Philosophical views of Akhmet Baitursynov]. – Алматы: Kaz Mem Kyz Pi, 2007. – 160 b. (in Kazakh)

6 Kazakh filosofiyasynyn tarihy (Ezhelgi dauirden kazirgi zamanga dejin). [History of philosophy from ancient times to the present day]. – Алматы: KR BGM FSD instituti, 2014. – Tom 2. – 400 b. (in Kaz)

7 Rassel B. Chelovecheskoe poznanie: ego sfery i granici. [Human cognition: its spheres and boundaries]. – Kiev: Nika centr, 2001. – 555 s. (in Russ)

8 Mukanuly Sabit. XX gasyrdagy qazaq adebieti. [Literature XX th century]. – Алматы: Adebiet alemi, 2012. – 420 b. (in Kazakh)

9 Zheti gasyr zhyrlajdy: eki tomdyk. – Алматы: Zhazushy, 2004. – Tom 2. – 528 b. (in Kaz)

10 Hajdegger M. Bytie i vremya. [Being and time]. – М.: Ad Marginem, 1997. – 451 s. (in Russ)

11 XX gasyrdyn basyndagy Kazakh filosofiyasy [Kazakh philosophy in the early twentieth century]. – Astana: Audarma, 2008. – 464 b. (in Kaz)

12 Imakhanbet R. Gasyr sanlagy. [Person of the century]. – Алматы: A. Bajtursynuly til – kural OGGZO. – 400 b. (in Kaz)

13 Kapalbek B.S., Kenzhekozhaev A.M. Akhmet Baitursynov's principles of primary school education // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. - 2021. - № 104(4). - P. 30-36. (in Eng)

14 Kekilbajuly A. Ustaz ulagaty [Teacher training]. – Almaty: Gylm, 1999. – P.133. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Назира Полатқызы Танкиш аға оқытушы, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: tankish81@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0951-2144

Талғат Тұмашбай аға оқытушы, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: tumashbai@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935

Назира Полатовна Танкиш старший преподаватель, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан, email: tankish81@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0951-2144

Талғат Тұмашбай старший преподаватель, PhD, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан, email: tumashbai@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935

Nazira Tankish senior lecturer, PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, email: tankish81@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0951-2144

Talgat Tumashbay senior lecturer, PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, email: tumashbai@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935

